**Саналы ұрпақ – жарқын болашақ**

Мемлекеттік саясаттың ең негізгі бағыттарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес екендігі белгілі. Тұғыш Президентіміз өзінің «Қазақстан - 2050» стратегиясында дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағытының бірі ретінде жемқорлыққа қарсы күресті айырықша атап көрсетті. Сондықтан да еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Осы мәселеге орай мен басқарып отырған білім ордасы да тегеуірінді жұмыстар атқарып отыр. Колледжде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2018 жылғы 20 сәуіріндегі №2 хаттамасын орындау мақсатында, берілген тапсырмаға сәйкес «Саналы ұрпақ» студенттік клубы құрылды. Студенттік клубқа жетекші оқытушы бекітіліп, мүшелікке 34 студент кірді. «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жұмыс жоспары жасалып, жұмыстар жүргізілуде. Ай сайынғы ақпараттық жиналыстарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықтар бойынша мұндай өрескелдіктерге жол бермеу туралы мәселелер қарастырылады. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» заңдары нормаларын оқу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Барлық сұраққа арналған жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін және хаттарын қабылдау үшін сенім телефондары жазылып, жәшіктер орналастырылған. 2018 жылдың қыркүйек айында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – азаматтық міндет» тақырыбында I-III курс қазақ және орыс топтарында баяндама оқылып, талданды. Жұмыстың басты мақсаты – студенттерге жемқорлыққа қарсы және басқа да заңнамаларды түсіндірумен қатар мұндай олқылықтарға жол бермеу. 18 қазанда «Жемқорлықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында III курс студенттері арасында пікірталас өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша бітіруші түлектер болашақта сыбайлас жемқорлық, коммерциялық қызметте әлде ықпал үшін қажет элемент болса, нарықтық бәсекелестікке негізделген экономикалық өсуі мен дамуы мүмкін емес, экономиканың дамуына маңызды шектеу және кедергі жасайтындығына өзіндік ой түйіндей алды. Желтоқсан айында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сауалнама алынып талдамалар жасалды. Негізгі мақсат – колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу, көріністерін барынша азайту. Сыбайлас жемқорлыққа көзқарасты қалыптастыру, құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданар шешімдердің ашықтығы және жариялылығы – бағдарламаның негізгі бағыттары. Бұл бағытта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммуниттетті» қалыптастыру үшін колледжде «Адалдық дүкені» жобасы ұйымдастырылды. Клуб мүшелері өздері жинаған қаржыларына, орталық көтерме базардан оқуға қажетті құрал-жабдықтар сатып әкеліп, ұйымдастырды. Ол жерде колледж студенттері сатушысыз дүкеннен қажетті тауарын алып, ақшасын арнайы жәшікке қалдырып отырды. Соңында жиналған ақшаны қайырымдылық акциясы барысында колледждегі тұрмысы төмен студенттерге көмек көрсетуге жұмысады. Сыбайлас жемқорлықпен күресті қоғамдық және студент жастарының ұйымдарымен бірлесіп жүргізу, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша оқу-білім үрдісінде студенттер мен оқытушылар тарапынан болатын келісімсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою, сыбайлас жемқорлыққа деген қоғамда жалпы қарсылықты қалыптастыру да – маңызды бағыттар. Сондай-ақ студенттер мен ата-аналарға сенім телефоны жайлы қосымша ақпараттар берілді. Бұдан бөлек аралық аттестация кезінде «Таза сессия» , «Қоңыраусыз күн» тақырыбында акция болып өтті. Акция барысында сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңыздылығы түсіндірілді. Студенттер өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір заңға қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатуға болатындығын айтылды. Ел болып еңсемізді көтергенге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға жиырма бес жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыздың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Бірінші елбасымыздың бастамасын қолдау, бітіспес күрес жүргізу – тек құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтың парызы. Жас ұрпаққа колледж қабырғасында беріліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар адал, оқу ісіне берік, жауапкершілігі мықты азаматтарды қалыптастыратынына сеніміміз мол және бұл жұмыстар үздіксіз жалғасын табады.